ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 08 тамыз №7119-24-00-2/9587 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ МКК)

ЖАУАПКЕР:

«Серик» жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МҚК жауапкер «Серик» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Серик» ЖК ЖСН 990508450603 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Серик» ЖК ЖСН 990508450603 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Серик» ЖК ЖСН 990508450603 Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МҚК-ның БСН 100240018496 пайдасына 13 979 (он үш мың тоғыз жүз жетпіс тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 419,37 (төрт жүз он тоғыз) теңге 37 тиын сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Судья А. Утегенова

Анықтама: Сот шешімі заңды күшіне енді 17.09.2024ж.

Судья А.Утегенова

құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 08.08.2024